

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін бағалау жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 14 қарашадағы N 1528

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының берешектерін өтеу жөнінде шаралар кешенін әзірлеу мен қаржыландыру көздерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін нақтылау жөнінде қосымшаға сәйкес құрамда Ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторларының талаптарын қанағаттандыру Үкімет арнаулы қаулы қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрсын.

3. Комиссия 1995 жылғы 13 қарашадан жұмысқа кіріссін және он

күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмыс нәтижелері туралы есеп берсін, сондай-ақ "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы берешектерінің барлық түрін өтеу тәртібі мен мерзімін айқындау жөнінде ұсыныс енгізсін.

Комиссия төрағасына жұмысқа жергілікті атқару органдары аппаратының қызметкерлерін тартуға құқық берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 14 қарашадағы
N 1528 қаулысына
қосымша

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық
және дебиторлық берешектерін бағалау жөніндегі
ведомствоаралық комиссиясының
құрамы

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және

сауда министрінің орынбасары, комиссия
төрағасы

Жұмабеков Б. - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі
Жезқазған аумақтық комитетінің төрағасы,
комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

Қамбақов Т.У. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрлігінің экономика,
кәсіпорындарды санациялау мен нарықтық
қатынастар бас басқармасы бастығының
орынбасары

Жәркенов М.Е. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрлігінің базалық салалар
бас басқармасының бастығы

Оңдашев Ә.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің нарықтық
инфрақұрылымдар басқармасының
бастығы